

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАН
ОБЛЫСЫ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫ
ҰЛАН АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ
БӨЛІМІНІҢ
«БОЗАНБАЙ ОРТА МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

Бозанбай ауылы

БҰЙРЫҚ



КОММУНАЛЬНОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
«БОЗАНБАЙСКАЯ СРЕДНЯЯ ШКОЛА»
ОТДЕЛ ОБРАЗОВАНИЯ
ПО УЛАНСКОМУ РАЙОНУ
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ
ОБЛАСТИ

село Бозанбай

ПРИКАЗ

16.05.2022 жыл.

№ 2 /111

**«2021-2022 оқу жылының
аяқталу және орта білім беру
ұйымдарында білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін бекіту туралы**

«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5- бабының 14) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 «2021-2022 оқу жылының аяқталу және орта білім беру ұйымдарында білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін бекіту туралы» бұйрығына сәйкес, сондай-ақ меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан орта білім беру ұйымдарында 2021-2022 оқу жылын ұйымдасқан түрде аяқтау мақсатында, ШҚО білім басқармасының 2022 жылғы 13 мамырдағы №230 бұйрығы негізінде және Ұлан ауданы бойынша білім бөлімінің 16.05.2022 жылғы №219 бұйрығына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Оқу жылын аяқтаудың мынандай мерзімдері бекітілсін:

1) Меншік нысанына және ведомствалық бағыныстылығына қарамастан 2022 жылғы 25 мамыр күні оқу сабақтары аяқталсын;

2) Қорытынды аттестаттау өткізуде «2021-2022 оқу жылын аяқтау және жалпы білім беретін оқу орындарының алушыларының қорытынды аттестаттаудың өткізу мерзімдерін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 20 сәуірдегі №159 бұйрығын (көшірмесі қоса ұсынылады) басшылыққа алынсын.

3) «2021-2022 оқу жылын аяқтауды осы бұйрықтың, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 «Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде №5191 болып тіркелген.

4) 9-сынып түлектеріне қорытынды аттестаттауды, 11-сынып түлектеріне мемлекеттік емтихандарды өткізу кезінде сапалы жұмыс ұйымдастырылсын;

- Қорытынды аттестаттау комиссиясының құрамы бекітілсін.

- 9 және 11 сыныптардың қорытынды аттестаттауды тапсыру кестесі жасалып, бекітілсін.

- Қорытынды аттестаттауды тапсыру кезінде мұғалімдер арасынан кезекшілік ұйымдастырылсын.

2. Білім бөліміне төмендегі құжаттар ұсынылсын:

- 2022 жылғы 18 мамырға дейін үздік аттестатқа үміткер 9 және 11 сынып оқушыларының санын;

- 2022 жылғы 18 мамырға дейін денсаулық жағдайына байланысты қорытынды аттестаттаудан босатылған оқушылардың құжаттарын;

- 2022 жылғы 16 маусымда 11 сынып түлектеріне салтанатты түрде жалпы орта білім туралы аттестаттарды табыстауды, 2022 жылғы 8 маусымда 9 сынып түлектеріне негізгі білім туралы аттестаттарды табыстауды ұйымдастырсын;

3. Білім сапасын арттыру және пандемия, шектеу шаралары кезеңінде жіберілген білім олқылықтарының орнын толтыру мақсатында ата-аналардың немесе заңды өкілдердің өтініші бойынша барлық ниет білдірген білім алушылар үшін оқытуды 2022 жылғы 26 мамырдан 17 маусымға дейін «Жазғы мектепті» ұйымдастырып, өткізілсін.

4. - 2022 жылғы 25 мамырға дейін 9,11 сынып бітірушілерінің емтихан тапсырмаларын жеткізіп алуды ұйымдастырып, қамтамасыз етсін;

- Білім алушылардың қорытынды аттестаттау нәтижелері туралы мәліметті аудандық білім беру бөліміне 2022 жылғы 11 маусымға дейін ұсынылсын.

5. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасарлары М.К.Боксеноваға, К.Курманғалиеваға жүктелсін.

Мектеп директоры:
Бұйрықпен таныстым:



А.К.Бухатова
М.К.Боксенова